

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 94 "Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 қарашадағы № 249 қаулысы

Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 94 "Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне осы қаулының қосымшасына сәйкес толықтырулар енгізілсін.

2. "Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Көшеров

Түркістан облысы әкімдігінің

"__" _____ 2025.жылғы

№__ қаулысына қосымша

"Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ (бұдан әрі - Ереже) 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарма құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көшесі, ғимарат 20, индексі 161200.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың құрылтайшысы Түркістан облысы әкімдігі болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. Басқарма кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқарма заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары:

1)Түркістан облысында сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

2)Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысы саласындағы заңнамасымен көзделген өзге де мақсаттарды жүзеге асыру.

15. Өкілеттіктері:

1)құқықтары:

басқарманың құзыретіне кіретін облыс әкімдігінің және (немесе) әкімінің шешімдерінің, өкімдерінің, қаулыларының жобасын дайындауға қатысу;

заңнамамен бекітілген тәртіпте мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мәліметтер сұратуға, сондай-ақ, басқа мемлекеттік органдарға мәліметтер ұсынуға;

қарамағындағы мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметіне ревизия жасауды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

басқарманың қарамағындағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастыру, облыс әкімдігінің отырыстарына қатысу;

Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және осы Ережеге сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, орталық атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілерін орындауды ұйымдастыру, басқарма құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімінің шешімдерін, өкімдерін және облыс әкімдігінің қаулыларын орындауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қаланың бас жоспарының жобасын кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну үшін облыстық мәслихаттың қарауына енгізу үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

2) облыстық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсыну үшін облыс әкімдігіне материалды дайындау;

3) ведомстволық бағынысты әкімшілік-аумақтық бірлік аумақтарында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобаларын), сондай-ақ қалалық мәслихат мақұлдаған, халқының есептік саны жүз мың тұрғынға дейінгі облыстық маңызы бар қалаларды дамытудың бас жоспарларын облыстық мәслихаттың бекітуіне енгізу үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

4) облыстық мәслихатқа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарамағындағы әкімшілік-аумақтық бөліністердің шекараларын белгілеу немесе өзгерту жөнінде қала құрылысынан туындайтын факторларға байланысты ұсыныстар енгізу бойынша облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

5)аумақтарда қала құрылысын жобалаудың (облысты немесе оның бір бөлігін аудандық жоспарлау жобасының) кешенді схемасын, облыс аумағындағы елді мекендердің белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

6)облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарының жобаларына келісім беру үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

7)аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

8)елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, жоспарлау жобаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жоспарларын (егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, құрылыс жобаларын) бекіту және іске асыру үшін жұмыстарды ұйымдастыру;

9)республикалық маңызы бар қалалардың оларды облыс аумақтары, резервтік аумақтар, қала маңындағы аймақ, сондай-ақ заң арқылы қала ықпал ететін аймаққа жатқызылған өзге де аумақтар есебінен дамыту бөлігіндегі бас жоспарларының жобаларына келісім беру үшін облыс әкімдігіне материалдарды дайындау;

10)мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынылуын ұйымдастыру;

10-1) агломерация аумағындағы жер учаскелерінің бөлінуі және нысаналы мақсаттарының өзгеруі жөніндегі ай сайынғы есептерді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;

10-2) өңірлік маңызы бар жобалар және елді мекенлерді дамыту мен оларда құрылыс салу жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасына тапсырыс беру жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру;

11)аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау үшін ұсыныс енгізу;

12)"Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету;

13)үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсаттардың есебін жүргізу;

14)тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей уәкілетті органға үлескерлердің ақшасын тартуға берілген рұқсаттар туралы ақпарат беру;

15)өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

16) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың қатысушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

17) "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді беру" мемлекеттік қызметті көрсету;

18) облыс елді мекендерін дамыту мен салуды кешенді жоспарлау мақсатында экология, көліктік жоспарлау, мәдениеттану, сәулет, қала құрылысы және әлеуметтану салалары бойынша принциптерді ескере отырып, урбанистика бағытын құру жөнінде ұсыныс енгізу;

19) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз ету;

20) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесіне тіркеу тәртібі және мекенжайдың құрылымы туралы ережені әзірлейді және облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

20-1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірінғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуына қамтамасыз етеді;

21) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) Басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) Басқарма қызметкерлерін, сондай ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) Басқарманың атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) барлық мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

6)келісімшарттар жасасады;

7)сенімхаттар береді;

8)банктік шоттар ашады;

9)өз уәкілеттігі шегінде Басқарманың барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің бірінші басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

10)Басқарманың қызметкерлеріне, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы мекемелердің басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

11)сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

12)бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болады;

13)қаржылық-шаруашылық қызметіне және оған берілген мүліктің сақталуына дербес жауапты болады;

14)Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігімен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады;

15)Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарма мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы мекеменің тізбесі:

Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының "Сәулеттік бюро" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Түркістан облысы әкімдігінің

"__" ____ 2025 жылғы

№__ қаулысына қосымша

Түркістан облысы әкімдігінің

"_18_"_мамыр__ 2023 жылғы

№_94_ қаулысына қосымша

"Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесіне енгізілетін толықтырулар мәтіні

"Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне келесі толықтырулар енгізілсін:

16 тармақ келесі мазмұндағы 10-1), 10-2 тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) агломерация аумағындағы жер учаскелерінің бөлінуі және нысаналы мақсаттарының өзгеруі жөніндегі ай сайынғы есептерді сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға ұсыну;

10-2) өңірлік маңызы бар жобалар және елді мекенлерді дамыту мен оларда құрылыс салу жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасына тапсырыс беру жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру;"